

«КЕЛІСІЛДІ»
«Мұғалжар ауданының
білім бөлімі»
ММ әдістемелік кабинеті
Г.Қ. Нұрмағанбетова

«27» 08 2021 ж.



«БЕКІТЕМІН»
«Қарлығаш» бөбекжай-
бақшасы»
МКҚК меңгерушісі
К.С. Медеуова

«27» 08 2021 ж.

Вариативтік компонент
«Қазақи тәрбие- асыл қазына»

Бағдарламаны дайындаған:
№14 «Ақкөгершін» ересек тобының тәрбиешісі
Ж.Қ. Бижанова

Қандыағаш қаласы

**«Қарлығаш» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі Бижанова Жайнагүл
Қыдырбайқызының «Халық тәрбиесі-асыл қазына» атты еңбегіне**

Пікір

Қалап алынған тақырып қазіргі кездегі өте қажетті мәселенің бірі деп санаймын. Бұл бағдарламаның ең негізгі мақсаты балалардың оқу білім дағдыларына көңілді жадыратар сабақ ретінде қалыптастыру.

Бағдарлама қазіргі заман талабына сай балалардың жас ерекшелігін ескере отырып, аптасына 1 сағатқа негізделіп жасалған. Балалардың бойында қазақ елінің ұланы екеніне мақтаныш сезімдерін оятып, оның жеке тұлға ретінде қалыптасуына психологиялық тұрғыдан әсер ете отырып, қазақ халқына тән Отансүйгіштікке, имандылыққа, адамгершілік қасиеттерін насихаттаған.

Мақсаты: Балалардың бойында қазақ елінің ұланы екеніне мақтаныш сезімдерін ояту. Сәбидің өмірге келуінен достары т.б оның жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсерін психологиялық тұрғыдан түсіндіру.


Міндеті: Ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан халық шығармашылығы-ғажайып ертегілер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар тәрбие әліппесін өнер көзін үйретуге баулимыз. Қазіргі заманда жас бүлдіршіндеріміз өз ана тілінде тәрбиелеуіміз қажет.

Автор өз еңбегінде халық ауыз әдебиетінен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, тыйым сөздер сол сияқты халық болжамдары пайдаланылған және аталған мәселелерді өз алдына мақсат етіп қойып, көп ізденгені, іс-тәжірибесінде қолданғаны көрініп тұр. Вариативтік бөлім «Халық тәрбиесі-асыл қазына» тақырыбы бойынша алынып отырған сабағынан балалардың байқампаздығы, шыдамдылығы, тазалыққа бейімделуі, өмірге деген қызығушылығы, өз бетінше еңбек ету қабілеттері дамиды. Тақырып мазмұны жан-жақты ашып көрсетілген және балалар үшін қызықты, жалықтырмайтындай қызықты болуы керектігі ескерілген.

Аталған еңбек ересек жастағы балалар тобында жұмыс істейтін қазақ балабақшаларының тәрбиешілері үшін арнайы дайындалғандығын ескеріп іс-тәжірибені ұсынуға болады.

«Қарлығаш» бөбекжай бақшасы»

әдіскері:

 Г.С. Құлжанова

Түсініктеме хат

Қазақстанның әлеуметтік – экономикалық жаңарту мен саяси демократияландырудың жаңа кезіне қадам басып, әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру үшін ұсынған стратегиясында қазақ халқының сан ғасырлық дәстүрін, тілі мен мәдениетін сақтауды әлемдік рейтинг кестесінің жоғары бөлігіне іліккен елдер қатарынан орын алуға мүмкіндік беретін басты негіздердің бірі. Бұл бағыттағы жұмыстың мектепке дейінгі кезеңнен бастау алатыны түсінікті. Осы бағытта «Қарлығаш» бөбекжай - бақшасы» МКҚК - да 2021 – 2022 оқу жылына ересек топтарда вариативті компоненттің 1 сағаты «Халық тәрбиесі – асыл қазына» тақырыбында таңдалып алынды.

Бағдарлама қазіргі заман талабына сай балалардың жас ерекшелігін ескере отырып, аптасына 1 сағатқа негізделіп жасалған. Балалардың бойында қазақ елінің ұланы екеніне мақтаныш сезімдерін оятып, оның жеке тұлға ретінде қалыптасуына психологиялық тұрғыдан әсер ете отырып, қазақ халқына тән Отансүйгіштікке, имандылыққа, адамгершілік қасиеттерін насихатталаған.

Мақсаты: Балалардың бойында қазақ елінің ұланы екеніне мақтаныш сезімдерін ояту. Сәбидің өмірге келуінен достары т.б. оның жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсерін психологиялық тұрғыдан түсіндіру. Қазақ халқына тән отансүйгіштік, имандылық, адамгершілік, инабаттылық қасиеттерін насихаттап, ұлттық тәрбие негіздерін қалыптастыру.

Міндеті: Ұрпақтан – ұрпаққа мұра болып келе жатқан халық шығармашылығы – ғажайып ертегілер, мақал – мәтелдері жұмбақтар, жаңылтпаштар тәрбие әліппесін өнер көзін үйретуге баулимыз. Қазіргі заманда жас бүлдіршіндеріміз өз ана тілінде тәрбиелеуіміз қажет.

Күтілетін нәтиже: Мақал – мәтелдерді, жұмбақ, жаңылтпаштарды жатқв айта отырып, сөздік қорларын молайтады, дыбысты анық айтады, есте сақтау қабілеттері дамиды.

Тақырыбы: «Қазақи тәрбие – асыл қазына»
Күнтізбелік жоспар

№	Тақырыбы	Сағат саны
1	Сенің есімін кім?	1
2	Балдай тәтті балақай	1
3	Балабақшада	2
4	Әңгіме, өлең, ертегі. Апайым сыр шертеді	2
5	Сүйікті туған жер	1
6	Мен қазақ ұланы	1
7	Ата мен әже баласы	1
8	Үлкенді сыйлау – парыз	1
9	Қамқор болам кішіге	1
10	Туыстар – олар кімдер?	1
11	Ұлыс күні – Наурыз	1
12	Қазақтың ұлттық киімдері	1
13 – 14	Мақал - мәтелдер	1
15 - 16	Жұмбақта көп сыр жатыр	2
17	Тұңғыш перзидент	1
18	Ел рәміздері	1
19	Бас қалам – Нұр – Сұлтан	1
20	Сүйікті қалам Ақтөбе	1
21	Ұлттық ою – өрнектер	1
22	Ақпыз, сары, қарамыз. Ағайынбық бәріміз	2
23	Су бар жерде, береке бар	1
24	Табиғат сыйы	1
25	Құстар біздің досымыз	1
26	Біздің сүйікті ата – аналарымыз. Әңгімелесу	1
27	Сыпайылыққа үйренеміз. Әңгімелесу	1
28	Кітап – білім бұлағы	1
29 – 30	Төлдер айтысы. Ертегіні сахналау	1
31	Қазақстанның емдік шөптері	1
32 – 33	Жаңылтпаш	1
34	Бақытты отбасы. Әңгімелесу	1
35	Бес саусақ неге бірдей емес? Аңыз ертегі	1
36	Достығымыз берік болсын.	1

Вариативтік компонент бойынша жұмыс жоспары
№ 14 «Ақкөгершін» ересек тобы

№	Тақырыбы	Мақсаты	Қосымша оқыту, көрнекіліктер
1	Сенің есімің кім?	Өмірге келген сәбиге ат қоюдағы ата – ананың, әр балаға ат – қоюдағы ерекшелік, қазақтың әдет – ғұрпын сақтай отырып, ат қобдағы ерекшеліктері. Жатқа айту қабілеттерін дамыту.	Қуыршақ, бесік «Бесік жыры» Е.Ашықбаев
2	Балдай тәтті балақай	Баланы еркелетіп, отбасында қалай атайтындығына тоқталу, еркелеткен кезде неге теңейтінін айту, қазақ отбасындағы тәрбиенің ұлылығын дәріптеу. Әуенмен ән айта білуге үйрету.	Ән: «Бақытты балалық шақ»
3	Балабақшада	Балаларға өздері тәрбиеленіп жатқан балабақшасы туралы әңгімелеп, балабақша қызметкерлері мен жұмысшылары туралы айтып, олардың еңбектерін бағалауға баулу, аңғарымпаздыққа үйрету.	Өлең: «Балабақшада» Қ.Ыдырысов
4	Әңгіме, өлең, ертегі. Апайым сыр шертеді	Балабақшадағы тәрбиеші апайлары туралы балалардың жақсы пікірлерін қалыптастыру, олардың еңбектерін бағалауға баулып, татулыққа үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Өлең: «Тәрбиеші»
5	Сүйікті туған жер	Балалардың туған жеріне деген сүйіспеншілік сезімдерін арттырып, оны сүйуге баулу, туған жер қасиетін ұғындыру, есте сақтау қабілетін дамыту.	Мақал – мәтелдер
6	Мен қазақ ұланы	Қазақ елінің ұланы екендігіне мақтаныш сезімдерін туғызу, ойлау, сөйлеу, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Мен кімін?
7	Ата мен әже баласы	Ата – әже, немере үштігінің беріктігін ұғындыру, ата мен әже – баланың әкесі мен шешесінің әке шешесі екендігін түсіндіру, оларды сыйлауға үйрету, өлең	Ән: «Әжемнің шәйі»

		сөзін қайталап, дұрыс айта білуге машықтандыру.	
8	Үлкенді сыйлау - парыз	Жалпы үлкен адамдарды сыйлауға, олармен амандасу, жол беру, орын ұсыну, көмектесу т.б. меңгерту сұрақтарға толық жауап бере алуларын қадағалау	Ә.Табылдиев «Мейман – дос жаттау»
9	Қамқор болам кішіге	Өзінен кішіге қамқор болуға үйрету, қарындастарын ойнату, жұбату, оларға қамқорлық жасауға баулу, қуыршақ ойнау кезінде саусақ маторикасын дамыту.	«Қуыршақ» Р.Тышқанбаев
10	Туыстар – олар кімдер?	Тум а – туыс сөзінің мағынасын ұғындырып, ол адамдардың бала өміріндегі орны туралы түсіндіру, санамақ жаттауға төселдіру	Е.Өтетілеуов «Кел санайық» жаттау
11	Ұлы күні - Наурыз	Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі туралы алған ұғымдарын кеңейтіп, мерекені қарсы алу дәстүріне тоқталып, мағынасын түсіндіру.	«Қош келдің Наурыз!»
12	Қазақтың ұлттық киімдері	Балалардың отбасы туралы ұғымдарын кеңейтіп, қазақтың ұлттық киімдерінің ішінде шапанмен жеке таныстыру. Шапандағы ою – өрнектермен таныстыру, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру.	Шапан оюлары: қошқар мүйіз, құс тұмсық, құс қанат
13 - 14	Мақал - мәтелдер	Мақал сөздің мәйегі екендігін түсіндіру, тоғыз ауыз сөздің тобықтай түйінін жеткізе білуге, ұтымды сөйлеуге үйрету, ой – өрісін дамыту.	Кітапша: «Мақал - мәтелдер»
15 - 16	Жұмбақта көп сыр жатыр.	Жұмбақ шеше білуге үйрету, жұмбақты жаттатып, жауабын таба білуге баулу	«Суретті жұмбақтар кітапша»
17	Тұңғыш Президент	Қазақ елінің тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев туралы әңгімелеп, оның қазақ еліне сіңірген еңбегін айтып, әңгімелеу.	Суреттер, кітапшалар
18	Ел рәміздері	Балалары ел рәміздерін таныстыру, сөздік қорын	ҚР Рәміздері, ұнтаспа

		молайту, елге деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту, әуенді тыңдай білуге жаттығу.	
19	Бас қала - Астана	Еліміздің бас қаласы – Астана туралы түсініктерін қалыптастыру. Жатқа айту қабілеттерін дамыту.	Кітапша «Астана» жаттау
20	Сүйікті қалам - Ақтөбе	Ақтөбе қаласы, Ақтөбе облысы туралы айтып, әсем жерлерін, мәдени орындарын аралау, саусақ моторикасын дамыту.	Ақтөбе қаласының суреттері, сурет салу.
21	Ұлттық ою – өрнектер	Ұлттық ою – өрнекті насихаттап, олардың әсемдік, әдемілік туралы ой – өрістерін кеңейту	Ертегі «Ою хан мен Жою хан»
22	Ақпыз, сары, қарамыз. Ағайынбық бәріміз	Көп ұлт өкілдері тату – тәтті тұрып жатқандығын айтып, достық туралы өлең жаттау, достықты қадірлей білуге үйрету.	Ән: «Ортақ мекен жер шары»
23	Су бар жерде, береке бар	Балаларға ауыз суды пайдалану ережесін, судың қасиеттерімен таныстыру, ластаудан сақтау, суды тазарту, су арқылы жұғатын аурулар туралы мағлұматтар беру. Диалогқа үйрету.	Мақал – мәтелдер: Су ішкен құдығына түкірме. Судың да сұрауы бар. Сүттен ақ, судан таза. Судай сұлуға жолық.
24	Табиғат сыйы	Табиғат жылдың төрт мезгілімен тығыз байланысты екенін, табиғаттың құбылыстарын жүйелі, әсерлі әңгімелей білуге үйрету. Табиғатты сүйе білуге үйрету. Мәнерлі сөйлеу дағдыларын дамыту.	Жұмбақтар Табиғат ол наамыз, Табиғатқа баламыз. Құшағында ойнаймыз Шаттық әге саламыз.
25	Құстар біздің досымыз	Балаларға табиғаттың бір бөлігі, табиғаттың көркі, сәні, бақшаның әні – құстар екенін кеңінен түсіндіру. Құстарды қорғау, олардың пайдасы туралы, «Қызыл кітап» жайлы түсіндіріп, мағлұмат беру. Сөздік қорын молайту.	Болжамдар Қарлығаш өрлеп ұшса – күн жылы болады. Жер бауырлап ұшса – жаңбыр жауады.
26	Біздің сүйікті ата – аналарымыз. Әңгімелесу	Ана жайлы тамаша сөздер, өлеңдер арқылы мерекемен құттықтай отырып, ата –	Ең жақсы сөз – ана, Ең жақсы сөз – бала.

		аналардың балабақшамен тығыз байланыс арттыру, мейірімділікке тәрбиелеу, құрмет сипатын арттыру.	Ана мен бала Бар тілекке пана. Арман болсын ана, Аман болсын бала.
27	Сыпайылыққа үйренеміз. Әңгімелесу	Балаларға мінез - құлықтың кейбір маңызды ережелері, оларды сақтау туралы әңгімелеу, балалардың тіліндегі сыпайылық сөздерді қолдана білуіне жаттықтыру.	«Ізгі тілек» Қ.Баянбаев Көк аспанда Күн күлсін, Бірге күлсін бүлдіршін. Ұл қолында ту жүрсін, Қыз қолында гүл жүрсін. Көк аспанда Күн күлсін, Бірге күлсін бүлдіршін.
28	Кітап – білім бұлағы	Кітаптан білім алатындығын, оны шығару үшін көп адам еңбек ететіндігі жайлы мағлұмат беру. Жатқа айту, есте сақтау, түсіну дағдыларын дамыту. Кітапты күтіп ұстауға тәрбиелеу.	Даналардың сөзі: Білім біздің шамшырағымыз, Кітап біздің ұстазымыз.
29 - 30	Төлдер айтысы. Ертегіні сахналау	Балалардың үй жануарларына деген сүйіспеншіліктерін арттыру, олардың төлдерін жаңылмай айтуға үйрету, адамға тигізетін пайдасын түсіндіру. Қоршаған ортамен таныстыру, дүние танымын кеңейту, сөздік қорын молайту.	Дид.ойын: «Қай малдың төлі?» Жұмбақ: Кішкентай ғана бойы бар, Айналдырып киген тоңы бар (Қой)
31	Қазақстанның емдік шөптері	Балаларға емдік шөптердің шипалық қасиеттері жайлы түсініктерін кеңейту, оларды тани білуге, өсімдіктерді қорғай, аялай білуге тәрбиелеу.	Нақылды сөздер: Көк шөпті жұлма. Ағашты сындырма. Дана көптен шығады, Дәрі шөптен шығады.
32 - 33	Жаңылтпаш	Халық шығармаларының ішінде баланы дұрыста, айқын сөйлеуге үйреткен, тілін жаттықтыруға бейімдейтін жанр жаңылтпаш. Балаларды жаттық сөйлеуге,	«Қуанышты күн» Н.Жанаев

		нақты сөйлеуге, тіл ұстартуға, өмірде кездескен жаңа термендерді тез үйренуге тәрбиелеу	
34	Бақытты отбасы. Әңгімелесу	«Ұлағат болсын ұлыма, ғибрат болсын қызыма» - демекші ата – бабамыздан ұрпақтан – ұрпаққа беріліп келе жатқан ұлттық тәрбие туралы түсіндіру. Өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру. Жанұя арасындағы байланыс, әкенің ұлға, шешенің қызға тәрбиесі туралы әңгімелесу.	Отбасы туралы мақал - мәтелдер
35	Бес саусақ неге бірдей емес? Аңыз ертегі	Ертегіні оқу арқылы мазмұнын түсінуге үйрету. Диалог сөздерді мәнеріне келтіре айту дағдысын қалыптастыру. Балалардың халық ертегісіне деген сүйіспеншілігін ояту. Есте сақтау қабілеттерін дамыту.	«Саанамақ» А.Асылбеков
36	Достығымыз берік болсын.	Балалардың қарам – қатынастарын, бір – біріне деген сыйластығын, жанашарлығын қиын кезде әрқашан көмекке келе білуге тәрбиелеу. Дос деген ұғымды әрқашан жоғары ұстауға тәрбиелеу.	Дос дегенін байлық қой, Басқа байлық іздеме, Досың болсын ойнайтын.